

Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген
нормативтік құқықтық актілері

«Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 аудандық мәслихаттың шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 сәуірдегі № 17 шешімі.

Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2016 жылғы 12 мамырда № 4920 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016 жылғы 29 ақпандағы №214 «Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларын бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4821 тіркелген, 2016 жылдың 14 сәуірінде «Жем-Сағыз» газетінде жарияланған) аудандық мәслихаттың шешіміне келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген, Байғанин ауданында әлеуметтік көмек көрсету, мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау Қағидаларында (әрі қарай-Қағидалар):

1) «2. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесі және әлеуметтік көмектің мөлшерлері» тарауында:

11-тармақтың 3) тармақшасы мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

«3) жан басына шаққандағы орташа табыстың, өмірлік қиын жағдай туындауына байланысты біржолғы әлеуметтік көмек тағайындау барысында ең төменгі күнкөріс деңгейінің 1 еселік мөлшерінен аспауы және әлеуметтік келісімшарт негізінде көрсетілетін ай сайынғы әлеуметтік көмек көрсету үшін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 0,6 мөлшерінен (күнкөріс деңгейінің 60 пайызынан) аспайтын болуы негіздеме болып табылады.»;

2) «4. Отбасының белсенділігін арттырудың әлеуметтік келісімшартын жасау» тарауында:

30-тармақтың екінші абзацында:

«2001 жылғы 23 қаңтардағы» сөздері алынып тасталынсын;

орыс тіліндегі Қағидаларына 1-2-қосымшаның атауы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

«Лист собеседования для участия в проекте «Өрлеу».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Т. Шәудір

Мәслихат хатшысы

Б. Турлыбаев

_____ **А. Амиргалиев**